

ӘОЖ 346(574)

А.С. РАМАЗАНОВА, М. ТОКАНОВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскмен қ., Қазақстан

**АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚ СУБЪЕКТИЛІГІ**

Мақалада Қазақстан Республикасы азаматтық құқық теориясындағы заңды тұлғалардың құқық субъектілігі қарастырылған. Бүгінгі күні нарықтық қатынастар даму жағдайында, сондай-ақ кәсіпкерлікті дамыту аясында, заңды тұлғалардың құқықтық жағдайының мәселелерін зерттеу өте маңызды болып келеді.

Түйін сөздер: заңды тұлғалардың құқық субъектілігі, заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігі, заңды тұлғалар.

**ПРАВОСУБЪЕКТНОСТЬ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ
В ТЕОРИИ ГРАЖДАНСКОГО ПРАВА**

В статье рассматриваются вопросы правосубъектности юридических лиц в теории гражданского права Республики Казахстан. На сегодняшний день в условиях развития рыночных отношений, создания условий для предпринимательства, исследование проблем правового статуса юридических лиц, имеет важное значение.

Ключевые слова: правосубъектность юридических лиц, правоспособность юридических лиц, юридические лица.

**PERSONALITY OF LEGAL ENTITIES IN
THE THEORY OF CIVIL LAW**

In the article the questions of legal personality of legal entities in the theory of civil law of the Republic of Kazakhstan. Today in the conditions of development of market relations, creating conditions for entrepreneurship, research of problems of legal status of legal persons is important.

Keywords: the legal capacity of legal persons legal person.

Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі – бұл заң шығарушылардың нақты субъективтік міндеттерді атқару жөніндегі жалпы қабілетін таныған ерекше заңдық қасиет.

Заңды тұлға азаматтармен қатар, мүліктік қатынастар субъектісі болып табылатындықтан ол құқық қабілеттілігіне ие болады. Заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі олар мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап бір мезгілде пайда болатындықтан, заңды тұлғалар үшін бұл санаттарды ажыратудың маңызы жоқ.

Заңды тұлғаның пайда болуы заңды тұлғаның құрылтайшысы меншік

иесінің саналы-ерікті қызметі заңды тұлғалар құрылуының қажетті алғышарттары болып табылады.

Заңды тұлға мен жеке тұлғаның қабілеттілігінің айырмасы болатындығы табиғи нәрсе. Мәселен, азаматтың құқықтары мен міндеттерін тудыратын тұрмыс қатынастарының көбіне заңды тұлғалар қатыса алмайды. Оған отбасылық қатынастарға, содан туындайтын құқықтар мен міндеттерге заңды тұлғалар қатыса алмайтындығы дәлел болады [1].

Заңды тұлғалардың қатынасқа қатысу аясы олардың қандай мақсат үшін құрылғандығына әрі жүзеге асыратын әрекеттерінің сипатына қарай белгіленеді. Қатысуға тиісті қатынасына қарай заңды тұлға қайсыбір құқықтарды немесе міндеттерді иеленеді. Демек, заңды тұлғаның құқықтық қабілеті оған жүктелген міндеттерге қарай белгіленеді. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі ол құрылған сәттен бастап пайда болып, оны тарату аяқталған кезде тоқтатылады. Заңды тұлға заң құжаттарында тізбесі белгіленетін жекелеген қызмет түрлерімен тек лицензия негізінде ғана айналыса алады. Яғни белгілі бір қызметпен айналысу үшін лицензия алу қажет болатын заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі сол лицензияны алған сәттен бастап пайда болады.

Азаматтық кодекстің 35-бабының 1-тармағына сәйкес заңды тұлға азаматтық құқыққа ие болып, өз қызметіне байланысты міндеттерді атқара алады [2]. Мемлекеттік кәсіпорындардан басқа коммерциялық ұйымдар заң құжаттары немесе құрылтай құжаттары арқылы тыйым салынбайтын кез келген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін азаматтық құқыққа ие бола алады және азаматтық міндетті де атқарады. Заң құжаттарына сәйкес заңды тұлғалар белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыра алмауы мүмкін немесе басқа қызметпен айналысуы шектеледі.

Азаматтық кодексте арнайы құқық қабілеттілік мәселесі де ескерілген. Оның бәрі де жарғы мен басқа да құрылтай құжаттарына енгізіледі әрі олар қызмет аясына сай келетін құқықтар мен міндеттерді еншілей алады.

Ал коммерциялық ұйымдар болса, керісінше арнайы құқық қабілеттілігіне жатпайтын жалпы құқық қабілеттілігіне ие болады. Мұндай ұйымдар заң актілерінде тыйым салынбаған қызметтердің кез келген түрін жүзеге асыра алады. Демек, коммерциялық ұйым өзінің жарғысында қаралмаған қызметпен айналыса береді, ең бастысы, заң оған тыйым салмайтындай болуы керек.

Жалпы құқық қабілеттілігі принципінен коммерциялық ұйымдардың өзіндік ерекшеліктері де болады.

Біріншіден, мұндай ұйымдар үшін арнайы құқық қабілеттілігі заң құжаттарында қарастырылуы мүмкін. Мысалы, мұндай арнайы құқық қабілеттілігіне коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, тұтыну кооперативі, қоғамдық қор, діни бірлестік нысанында және заң құжаттарында көзделген өзге де нысанда құрылуы

мүмкін. Коммерциялық емес ұйым кәсіпкерлік қызметпен өзінің жарғылық мақсаттарына сай келуіне қарай ғана айналыса алады (АК-нің 34-бабының 3-тармағы, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-шы бабы [3]).

Мысалы, коммерциялық емес ұйымдар өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда құрылуы мүмкін. Айталық нотариалдық палаталар, адвокаттар алқалары, сауда өнеркәсіп палаталары, аудиторлар палаталары, меншік пәтер иелері кооперативтері және басқа да коммерциялық емес ұйымдар өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда құрыла алады. Өзге де ұйымдық-құқықтық нысандардың құқықтық жағдайының ерекшеліктері заң актілерімен реттеледі [4].

Азаматтық құқығында азаматтық құқық қабілеттілігі деп азаматтық құқықтағы дәстүрлі ұғымды айтамыз. Ол бойынша, тұлғаның азаматтық құқықтарға ие болып, міндеттер орындау қабілеттілігі деп түсіндіріледі. Бірақ жеке тұлғаларға қарағанда, ұйымдар жөнінде айтқанда заң қандай да бір «іс-әрекетке қабілеттілікті» сөз етпейді. Бұл «іс-әрекетке қабілетті», яғни өздерінің іс-әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болып, жүзеге асыруға, өздері үшін азаматтық міндеттер тудырып, оларды мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап орындауға қабілетті болып заңды тұлғалардың өздерінің мәнісімен туындаған. Сондықтан АК-нің 35-бабы тұрғысынан «құқық қабілеттілігіне» кеңейтілген түрде түсінік берілуге тиіс, өйткені оның мазмұнына іс-әрекетке қабілеттіліктің барлық элементтері де кіреді.

АК-нің 35-бабының 1-тармағы жекелеген қызмет түрлерімен шұғылдануға шектеу мүмкіндігіне заңнамалық актілермен, сол сияқты құрылтай құжаттарымен жол берілетініне назар аударған жөн. Соңғысы заңды тұлғаның қатысушыларының өзі осы жоғарғы органмен тиісті шешім қабылдау арқылы (сонымен бірге құру кезінде, сол сияқты қызмет барысында – құрылтай құжаттарына өзгертулер енгізумен) әмбебап құқық қабілеттілігін арнау етіп өзгертуі мүмкін. К.В. Мукашева атап өткендей, «мұндай шектеулер не аталмыш заңды тұлға үшін рұқсат етілетін қызмет түрлерінің жеткілікті тізімін белгілеу жолымен, не оның қандай да бір түрімен жүзеге асыруға тыйым салуды белгілеу жолымен белгіленуі мүмкін» [1].

Заңды тұлға сан алуан қоғамдық қатынастардың қатысушысы, құқық жүйесінің әр қилы салаларының субъектісі болғандықтан, оның құқық субъектілігіне көп салалы сипат тән болып келеді. Заңды тұлға мәртебесі арқылы ұйым әкімшілік, еңбек, азаматтық және өзге де құқық субъектіліктің ұстаушысы болуы мүмкін. Заңды тұлғаның мақсаттары мен жүзеге асыратын қызметтері арқылы оның құқық субъектілігін білуге болады.

Заңды тұлғалардың қатынасқа қатысу аясы олардың қандай мақсат үшін құрылғандығына әрі жүзеге асыратын әрекеттерінің сипатына қарай белгіленеді.

Қатысуға тиісті қатынасына қарай заңды тұлға қайсыбір құқықтарды немесе міндеттерді иеленеді. Демек, заңды тұлғаның құқықтық қабілеті оған жүктелген міндеттерге қарай белгіленеді.

Заң әдебиетінде құқық қабілеттілік дегеніміз – бұл заң шығарушылардың нақты субъективтік азаматтық құқықтарды иелену және нақты субъективтік міндеттерді атқару жөніндегі жалпы қабілетін таныған ерекше заңдық қасиет.

Коммерциялық ұйымдар, керісінше, арнайы емес, жалпы құқық қабілеттілікке ие. Мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, осы ұйымдар заң актілерімен тыйым салынбаған қызметтің кез келген түрімен айналыса алады. Кейбір ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігін заң шектеуі мүмкін. Шектеу заңды тұлғаға тек белгілі бір қызмет түрімен айналысуға рұқсат беру, не керісінше кейбір қызмет түрлерін жүзеге асыруға тыйым салу арқылы білдіреді.

Мысалы, сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, сақтандыру қызметі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметтің келесі түрлерін: уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік-құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен инвестициялық қызметті; тиісті жинақтаушы сақтандыру шартында көзделген сатып алу сомасы шегінде өзінің сақтанушыларына қарыз беруді (сақтандыру ұйымы үшін); сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін автоматтандыру үшін пайданылатын арнаулы бағдарламалық қамтамасыз етуді сатуды; ақпарат берілімдерінің кез келген түрлерінде сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі жөнінде арнаулы әдебиет сатуды; бұрын өз мұқтаждары үшін сатып алынған (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін) немесе оның қарамағына сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты келіп түскен (сақтандыру ұйымы үшін) мүлікті сатуды немесе жалға беруді; сақтандыру қызметіне байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызмет көрсетуді; сақтандыру (қайта сақтандыру) саласында мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында оқытуды ұйымдастыру мен жүргізуді; сақтандыру агенті ретінде сақтандыру делдалы болуды; консорциум немесе жай серіктестік құруға қатысуға құқылы. Яғни сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жоғарыда аталған қызметтерге жатпайтын өзге қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы емес.

Қызмет ету үшін міндетті түрде лицензия қажет болған жағдайда, заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі лицензия алғаннан бастап пайда болады. Соңғы жағдайда, мәселе құқық субъектісінің мәртебесіне ие болғандығында емес, лицензиялауға жататын қызмет саласында құқықтар мен міндеттерге ие болу мүмкіндігінде болып тұр. Мемлекеттік қауіпсіздік, құқық тәртібін қамтамасыз ету, айналадағы ортаны азаматтардың меншігін, өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында тауарлардың, жұмыстың немесе қызметтің кейбір түрлерін өндіру

мен сату мемлекеттік лицензиялар арқылы жүзеге асырылады (АК-нің 10-бабы, 4-тармағы) [2].

Азаматтық Кодекстің 35-бабының 2-тармағында ұйымның лицензияланатын қызмет саласындағы құқық қабілеттілігі мұндай лицензияны алғаннан кейін пайда болып, оның алынуы, жарамдылық мерзімі өткен деп танылған сәтте тоқтатылады.

Мысалы, 1963 жылғы Кодекске сәйкес заңды тұлға оның қызметінің белгіленген мақсаттарға сәйкес азаматтық құқық қабілеттілігіне ие болған фактіге назар аудару қажет деп есептейміз. Бұл ұйымдардың жарғыда (ережеде) белгіленген өздерінің қызмет мақсаттарына жауап беретін құқықтар мен міндеттерге ие бола алатынын білдірді. Заңды тұлғалардың арнаулы құқық қабілеттілігі қағидасының бұзылуымен жасаған мәмілелер ҚазКСР АК-нің 48-бабы бойынша жарамсыз болып танылатын.

Қазақстандық азаматтық құқық жөніндегі әдебиетте коммерциялық заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігінің кеңеюін көбінесе 1994 жылғы АК-нің қабылдануымен байланыстырады [5]. Бірақ бұл теріс кетушілік болар. 1992 жылғы 4 шілдедегі ҚР-ның «Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» Заңының өзі ұйымының құқық қабілеттілігі тұрғысынан жаңа ережені бекітті: жеке кәсіпкер шаруашылық қызметтің кез келген түрлерін, егер ол Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынбаса, олардың құрылтай немесе тіркеу құжаттарымен көзделген бе, жоқ па, соған қарамастан жүзеге асыра алады (аталған Заңның 13-бабы, 1-тармағы) [6].

Қазақстандық ғылыми әдебиетте осы орайда әртүрлі тұжырымдар айтылды. Мәселен, А.Т. Жүсіпов АК-нің 44-бабының 1-тармағына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды, сондай-ақ ҚР Үкіметінің аталған Қаулысын талдай отырып, бұл актілер «мемлекеттік мекеменің заңды тұлға ретіндегі құқық қабілеттілігін елеулі шектейді» деп атап өтеді. Бұл азаматтық құқық субъектісі ретіндегі мемлекеттік мекеменің оның құрылтайшысы – мемлекеттен жеткіліксіз жекеленуінен көрініс беріп, азаматтық айналымда дербес әрекет жасауға іс жүзінде мүмкіндік бермейді, өйткені тауар-ақша айналымында қатысу мәмілелерді олардың тіркеуінен кейін жарамсыз деп танитын мемлекеттің қатаң бақылауында жүреді, ең соңында мәміленің қазынашылық органдарында тіркелмегені жағдайында азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің алынып тасталуынан көрініс береді».

Өзінің талдауының нәтижесінде ол «азаматтық-құқықтық қатынастарындағы мемлекеттік мекемелердің құқық субъектілігін анықтау қажеттілігі жөнінде» қорытындыға келеді. Мемлекеттік мекемелердің артынан белгіленген құқықтардың кеңінен шектелгендігі, қатаң және дерлік тегіс қамтитын бақылауы кезінде мемлекеттік мекемелерді дербес құқық субъектілігімен үлестірмеген

дұрыс болар, ал азаматтық-құқықтық қатынастарды ол өкілетті мемлекеттік орган беретін сенімхат негізінде жүзеге асыратын еді. Бұл азаматтық құқықтың өзге субъектілерінің мемлекеттік мекеменің шын мәніндегі құқық субъектілігі турасында теріс бағытқа кетпеуге мүмкіндік берер еді».

«Мемлекеттік тіркеу мемлекеттік органдар мен олардың мекемелерінің құқық қабілеттілігін елеулі шектейтіндігін» атап көрсеткен И.С. Михалкин тілектес пікір айтуда [7]. Осыған орай мемлекеттік мекемелердің қатысуымен азаматтық-құқықтық кесімшарттарды мемлекеттік тіркеу онсыз да оңай емес, көп жағдайда, мемлекеттің экономикалық айналымының қатысушыларымен қарым-қатынастарын қиындататынын атап кетуге болады».

ҚР Азаматтық кодексінің 37-бабына сәйкес заңды тұлға заң құжаттары мен құрылтай құжаттарына сәйкес жұмыс істейтін өз органдары арқылы ғана азаматтық құқықтарға ие болып, өзіне міндеттер қабылдайды. Яғни заңды тұлғаның әрекет қабілеттілігі оның органдары арқылы жүзеге асады. Бұдан біз заңды тұлғалардың азаматтық айналымға қатысу үшін құқық қабілеттілік пен қатар, әрекет қабілеттіліктің болуы қажет екендігін байқаймыз. Заңды тұлғада әрекет қабілеттіліктің болуы оның өз әрекеттері арқылы азаматтық құқықтар мен міндеттерге ие болуын, оны құрып жүзеге асырып және атқаруға мүмкіндіктерінің болуын көздейді.

ҚР АҚ 38-бабының 1-тармағына сәйкес, заңды тұлғаның оны басқа заңды тұлғалардан айыруға мүмкіндік беретін өз атауы болады. Заңды тұлғаның атауы оның қалай аталатынын және ұйымдық-құқықтық нысанын көрсетуді қамтиды. Ол заңдарда көзделген қосымша мағлұматты қамтуы мүмкін. Заңды тұлғаның атауы оның құрылтай құжаттарында көрсетіледі. Заңды тұлғаның атауында заң талаптарына немесе қоғамдық мораль қалыптарына қайшы келетін аттарды, егер жеке адамдардың есімдері қатысушылардың есімдеріне сәйкес келмесе не қатысушылар бұл адамдардың есімін пайдалануға олардан (олардың мұрагерлерінен) рұқсат алмаса, олардың есімдерін пайдалануға жол берілмейді.

Заңды тұлға белгілі бір атаумен Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіміне енгізіледі. Заңды тұлғаның атауы Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлғалардың атауын толық немесе оның елеулі бөлігінде қайталамауға тиіс.

Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаның атауы заңды тұлға тіркелгеннен кейін оның фирмалық атауы болып табылады. Заңды тұлғаның фирмалық атауды тек қана өзі пайдалануға құқығы бар. Бөтен бір фирмалық атауды заңсыз пайдаланатын тұлға фирмалық атаудың құқық иесінің талап етуі бойынша мұндай атауды пайдалануды тоқтатуға және келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті.

ҚР АҚ 39-бабына сәйкес, заңды тұлғаның тұрақты жұмыс істейтін органы

тұрған жер оның тұрған жері болып танылады. Заңды тұлғаның тұрған жері оның құрылтай құжаттарында пошталық толық мекенжайы жазылып, көрсетіледі. Үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда заңды тұлға нақты мекенжайының Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген мекенжайына сәйкес келмейтініне сілтеме жасауға құқылы емес. Бұл ретте, үшінші тұлғалар заңды тұлғаға пошталық және өзге де хат-хабарды Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіміне енгізілген мекенжайына да, нақты мекенжайына да жіберуге құқылы.

ҚР АҚ 43-бабына сәйкес, заңды тұлғаның тұрған жерінен тыс орналасқан және оның функцияларының бәрін немесе бір бөлігін, оның ішінде өкілдік функцияларын жүзеге асыратын оқшауланған бөлімшесі филиал болып табылады. Ал заңды тұлғаның тұрған жерінен тыс орналасқан және заңды тұлғаның мүдделерін қорғауды және өкілдігін жүзеге асыратын, ҚР заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оның атынан мәмілелер мен өзге де құқықтық іс-әрекеттер жасайтын оқшауланған бөлімшесі өкілдік болып табылады. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлға болып табылмайды. Оларға мүлікті өздерін құрған заңды тұлға береді және олар бекіткен ережелер негізінде жұмыс істейді. Заңды тұлға (мемлекеттік мекеме) функцияларының бір бөлігін орындайтын, өзінің орналасқан жері бойынша стационарлық жұмыс орындары жабдықталған аумақтық оқшауланған бөлімше заңды тұлғаның (мемлекеттік мекеменің) өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі болып танылады. Жұмыс орны бір айдан асатын мерзімге құрылса, ол стационарлық жұмыс орны болып есептеледі. Заңды тұлғаның (мемлекеттік мекеменің) өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі заңдарда тікелей көзделген жағдайларда құрылады.

Коммерциялық емес ұйым кәсіпкерлік қызметпен өзінің жарғылық мақсаттарына сай келуіне қарай ғана айналыса алады. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын және мемлекеттік бюджеттің есебінен ғана ұсталатын заңды тұлға тек қана мемлекеттік мекеме нысанында құрылуы мүмкін. Заңды тұлғалар бірлестік құра алады (АҚ 110-бабы).

Заңды тұлғалардың органдары ҚР АҚ 37-бабына сәйкес, заңды тұлға заң құжаттары мен құрылтай құжаттарына сәйкес жұмыс істейтін өз органдары арқылы ғана азаматтық құқықтарға ие болып, өзіне міндеттер қабылдайды. Заңды тұлға органдарының түрлері, тағайындалу немесе сайлану тәртібі және олардың өкілеттігі заңнамалық актілер мен құрылтай құжаттарында белгіленеді.

ҚР АҚ 40-бабына сәйкес, заңды тұлғаны бір немесе бірнеше құрылтайшы құруы мүмкін. Мүлікті меншіктенушілер не олар уәкілдік берген органдар немесе жақтар, ал заң құжаттарында арнайы көзделген реттерде өзге де заңды тұлғалар заңды тұлғаның құрылтайшылары бола алады. Бұл орайда, мүлікті шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығымен иеленетін заңды

тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, меншік иесінің немесе ол уәкілдік берген органның келісімімен басқа заңды тұлғалардың құрылтайшылары бола алады.

ҚР АҚ 45-бабынаң сәйкес, заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) оның мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, құрылтайшылардың (қатысушылардың), сондай-ақ заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында уәкілеттік берілген органның шешімі бойынша не ҚР заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот органдарының шешімі бойынша жүргізіледі. Қазақстан Республикасының заңнамасында қайта ұйымдастырудың басқа да нысандары көзделуі мүмкін. Қайта құру ерікті түрде немесе ықтиярсыз жүргізілуі мүмкін.

ҚР АҚ 49-бабында заңды тұлғаны тарату негіздері айқындалған. Заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, сондай-ақ құрылтай құжаттарында осыған уәкілеттік берілген органының шешімі бойынша заңды тұлға кез келген негіз бойынша таратылуы мүмкін [1].

Соттың шешімі бойынша заңды тұлға:

- банкрот болған;
- заңды тұлғаны құру кезінде заңдардың түзетуге келмейтін сипатта бұзылуына жол берілуіне байланысты оны тіркеу жарамсыз деп танылған;
- орналасқан жері бойынша немесе нақты мекенжайы бойынша заңды тұлға, сондай-ақ заңды тұлға бір жыл ішінде оларсыз жұмыс істей алмайтын құрылтайшылар (қатысушылар) және лауазымды адамдар болмаған;
- қызметін заңнаманы өрескел бұза отырып жүзеге асырған; заңды тұлғаның жарғылық мақсаттарына қайшы келетін қызметті үнемі жүзеге асырған; қызметін тиісті лицензиясыз не заңнамалық актілерде тыйым салынған қызметті жүзеге асырған;
- басқа да заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда таратылуы мүмкін.

ҚР АҚ 44-бабында заңды тұлғаның жауапкершілігі айқындалған.

Мекемелердің және қазыналық кәсіпорындардың құрылтайшысы қаржыландыратын арнайы қаржы компанияларынан, мемлекеттік ислам арнайы қаржы компанияларынан басқа заңды тұлғалар өз міндеттемелері бойынша өздеріне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған жағдайда мекеменің міндеттемелері бойынша оның құрылтайшысы жауаптылықта болады.

Қазыналық кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді.

Қазыналық кәсіпорында ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық

бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

Арнайы қаржы компаниясы өз міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жауап береді.

Мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясы міндеттемелері бойынша өз иелігіндегі ақшасымен жауап береді.

Заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) немесе оның мүлкінің меншік иесі оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал заңды тұлға заңды тұлғаның құрылтайшысының (қатысушысының) немесе оның мүлкінің меншік иесінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, бұған осы Кодексте, өзге заң актілерінде не заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көзделген жағдайлар қосылмайды.

Егер заңды тұлғаның банкроттығы оның құрылтайшысының (қатысушысының) немесе оның мүлкінің меншік иесінің іс-әрекетінен туындаған болса, заңды тұлғаның қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда құрылтайшы (қатысушы) немесе оның мүлкінің меншік иесі несие берушілер алдында субсидиарлық жауапкершілікте болады.

Сонымен, заңды тұлға сан алуан қоғамдық қатынастардың қатысушысы, құқық жүйесінің әр қилы салаларының субъектісі болғандықтан, оның құқық субъектілігіне көп салалы сипат тән болып келеді. Заңды тұлға мәртебесі арқылы ұйым әкімшілік, еңбек, азаматтық және өзге де құқық субъектіліктің ұстаушысы болуы мүмкін. Заңды тұлғаның мақсаттары мен жүзеге асыратын қызметтері арқылы оның құқық субъектілігін білуге болады.

Заңды тұлғалардың қатынасқа қатысу аясы олардың қандай мақсат үшін құрылғандығына әрі жүзеге асыратын әрекеттерінің сипатына қарай белгіленеді. Қатысуға тиісті қатынасына қарай заңды тұлға қайсыбір құқықтарды немесе міндеттерді иеленеді. Демек, заңды тұлғаның құқықтық қабілеті оған жүктелген міндеттерге қарай белгіленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мукашева К.В. Юридические лица. В кн. Актуальные вопросы коммерческого законодательства в Республике Казахстан и практика его применения: матер. семинаров. Т. 1. – Алматы: Әділет Пресс, 1996. – С. 35, 55.
2. 1994 жылы 27 желтоқсанда қабылданған ҚР Азаматтық Кодексі (24 сәуір 2016 ж. өзгерістер мен толықтырулармен) // http://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=51006061. – Б. 14, 5.
3. Коммерциялық емес ұйымдар туралы ҚР2001 жылғы 16 қаңтардағы Заңы(2016.08.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51021519#. – Б. 2.
4. Мухамеджанов Б. Малый бизнес требует уважения / Б. Мухамеджанов, М. Исенов // Казахстан: экономика и жизнь. – 2007. – №2. – С. 14.
5. Басин Ю.Г. Юридические лица по Гражданскому кодексу Республики Казахстан: понятие и общая характеристика. – Алматы: Әділет Пресс, 1996. – С. 117.

6. 1992 жылғы 4 шілдеде қабылданған ҚР Заңы «Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920002500>. Б. 4.
7. Гражданское право: учебник. Часть II / Под ред. А.П. Сергеева, Ю.К. Толстого. – М.: Проспект, 1997. – С. 112.

REFERENCES

1. Mukasheva K.V., *Juridicheskie lica. V kn. Aktual'nye voprosy kommercheskogo zakonodatel'stva v Respublike Kazahstan i praktika ego primeneniya. Materialy seminarov. Tom 1. Almaty, Adilet Press, 1996, 35, 55 (in Russ).*
2. QR Azamattyq Kodeksi 1994 zhyly 27 zheltoqsanda qabyldanqan 24 sauir 2016 zh. ozgerister men tolyqtyrularmen. http://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=51006061, 14, 5 (in Kaz).
3. Kommerciyalıq emes uymdar turaly QR 2001 zhylqy 16 kantardagy Zany 2016.08.04. berilgen ozgerister men tolyqtyrularymen. http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51021519#, 2 (in Kaz).
4. Muhamedzhanov B., Isenov M., *Malyj biznes trebuet uvazheniya. Kazahstan. jekonomika i zhizn'. 2007, 2, 14 (in Russ).*
5. Basin Ju.G., *Juridicheskie lica po Grazhdanskomu kodeksu Respubliki Kazahstan. ponjatie i obshhaja harakteristika. Almaty, Adilet Press, 1996, 117 (in Russ).*
6. 1992 zhylqy 4 shildede kabyldanqan QR Zany Zheke kasipkerlikti qorqau zhane goldau turaly. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920002500>, 4 (in Kaz).
7. *Grazhdanskoe pravo. Uchebnik. Chast' 2. Pod red. A.P. Sergeeva, Ju.K. Tolstogo. M., Prospekt, 1997, 112 (in Russ).*

ӘОЖ 342.56(574)

А.С. РАМАЗАНОВА, Р.Н. УАЛИ

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӘДІЛ СОТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада Қазақстан Республикасындағы әділ сотты жүзеге асыру қағидаларының мәселелері, биліктің тармақтарға бөліну қағидасы қарастырылған. Авторлар осы сұрақтарды зерттеген ғалымдардың және тәжірибе саласындағы мамандардың пікірін қарастырып, Қазақстан Республикасындағы әділ сотты жүзеге асырудағы негізгі қағидалардың мәселелеріне қатысты кейбір шешімдерді ұсынып отыр.

Түйін сөздер: сот билігі, әділ сотты жүзеге асыру, адам құқықтары, судья тәуелсіздігі.

ПРОБЛЕМЫ ПРИНЦИПОВ ОТПРАВЛЕНИЯ ПРАВОСУДИЯ В
РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В статье рассматриваются проблемы принципов отправления правосудия, вопросы принципа разделения властей в Республике Казахстан. Авторы, рассматривая мнения ученых и практиков по данному вопросу, предлагают некоторые пути решения